

1. Функцияның экстремум нүктелерінің анықтамасын келтіріңіз. Функцияның критикалық (күдікті) нүктесі деген не? Экстремум және критикалық нүктелер арасындағы қатысты түсіндіріңіз.
2. Экстремумнің жеткілікті шарты туралы екі теореманы дәлелдеңіз. Мысал келтіріңіз.
3. Функцияның кесіндідегі ең үлкен және ең кіші мәндерін қалай табуға болады? Мысал келтіріңіз.
4. Ойыс, дөңес функциялардың анықтамаларын келтіріңіз. Функцияның ойыс және дөңес аралықтарын қалай табуға болады? Мысал келтіріңіз.
5. Функцияның иілу нүктесінің анықтамасын келтіріңіз. Иілу нүктесін қалай табуға болады? Мысал келтіріңіз.
6. Функцияның асимптоталарының анықтамаларын келтіріңіз. Асимптоталарды қалай табуға болады? Мысал келтіріңіз.
7. Функцияны зерттеудің және оның графигін салудың жалпы ережелерін түсіндіріңіз. Мысал келтіріңіз.